



Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 08 қазандағы № 232 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 21 қазанда № 8835 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 12-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.01.2016 № 12-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңының 25-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Тіркелімдер және жарияланымдар департаменті Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Заң департаментімен бірге заңнамамен белгіленген **т ә р т і п т е :**

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны 10 күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдасын.

3) Осы бұйрықты мүдделі құрылымдық бөлімшелерге басшылыққа алу үшін **ж е т к і з с і н .**

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына (А. Ж. Ашуев) жүктелсін .

5. Осы бұйрық 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә.Смайылов

Қ а з а қ с т а н
С т а т и с т и к а

Р е с п у б л и к а с ы
а г е н т т і г і

т ө р а ғ а с ы н ы ң

Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

| | |
|-------|---|
| p/c № | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің атауы |
| 1. | Тегі |
| 2. | Аты |
| 3. | Әкесінің аты |
| 4. | Ұлты |
| 5. | Діни наным-сенімі |
| 6. | Туған жері: Ел Облыс Аудан Елді мекен |
| 7. | Туу туралы куәлігінің нөмірі |
| 8. | Туу туралы куәлігінің берілген күні |
| 9. | Туу туралы куәлікті берген орган |
| 10. | Азаматтығы |
| 11. | Тұратын орны туралы мекенжай мәліметтері: Ел Облыс Аудан Елді мекен Көше атауы Үй нөмірі Корпус нөмірі Пәтер нөмірі |
| 12. | Электрондық почта мекенжайы |
| 13. | Байланыс телефондарының нөмірі (ұялы, үй, жұмыс) |
| 14. | Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) |
| 15. | Мүлік туралы мәліметтер (жылжымайтын мүлік – жеке үй, пәтер) |
| 16. | Әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер (жетім балалар) |
| 17. | Жетім балалардың мүгедектік тобы |
| 18. | I-II топтағы мүгедектігі бар балалар, соның ішінде бала кезінен мүгедектер |
| 19. | Ұлы Отан соғысына қатысушы немесе мүгедегі |
| 20. | Білімі бойынша кәсібі және мамандығы |
| 21. | Білім деңгейі |
| 22. | Бітірген жылы |
| 23. | Оқыту нысаны |
| 24. | Некедегі жағдайы |

| | |
|-----|---------------------------------------|
| 25. | Некеге отырғанға дейінгі тегі |
| 26. | Неке куәлігінің сериясы |
| 27. | Жұбайлар туралы мәлімет (күйеу, әйел) |
| 28. | Туыстық дәрежесі |
| 29. | Соттылығының болуы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК